




Бекітемін / Утверждаю

Ғылыми және клиникалық жұмыс
жөніндегі проректор /
Проректор по научной и клинической
работе


 Ж. Иманбаева
« 19 » 08 2021

PR-03-13-05

магистратураға қабылдау /
приема в магистратуру

Әзірледі / Разработал

Магистратура және докторантура
бөлімі бастығының м.а. /
И.о.начальника отдела магистратуры
и докторантуры


(Қолы / подпись)

Ф. Оразаева

Басылым 01 / Издание 01

Алматы, 2021



**Өзгерістерді тіркеу парағы /
Лист регистрации изменений**

№	Параграф / Параграф	Өзгерістер жасалды / Вносимые изменения	Күні / Дата	Аты-жөні, қолы / И. Фамилия, подпись
1	2	3	4	5
1	Параграф 3.	Заменить 3.10.	12.08.22	Ф. Оразаева
2	Параграф 4.	Заменить 4.2.	12.08.22	Ф. Оразаева
3	Параграф 4.	Удалить 4.3.	12.08.22	Ф. Оразаева
4	Параграф 4.	Удалить 4.4.	12.08.22	Ф. Оразаева
5	Параграф 4.	Удалить 4.5.	12.08.22	Ф. Оразаева
6	Параграф 5.	Заменить 5.2.	12.08.22	Ф. Оразаева
7	Параграф 5.	Заменить 5.3.	12.08.22	Ф. Оразаева
8	Параграф 5.	Заменить 5.10.1)	12.08.22	Ф. Оразаева
9	Параграф 6.	Заменить 6.1.	12.08.22	Ф. Оразаева
10	Параграф 6.	Заменить 6.8.	12.08.22	Ф. Оразаева
11	Параграф 8.	Заменить 8.1.	12.08.22	Ф. Оразаева
12	Параграф 9	Заменить 9.2.5) а)	12.08.22	Ф. Оразаева



Мазмұны / Содержание

	бет / стр.
1. Жалпы ережелер	4
2. Мақсаттары мен міндеттері	6
3. Магистратураға қабылдау тәртібі	6
4. Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	7
5. Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу	8
6. Университет магистратурасына түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау	10
7. Апелляциялық комиссия жұмысының тәртібі	12
8. Магистратураға қабылдау	13
9. Құқығы	15
10. Жауапкершілігі	15
Қосымшалар	30
Келісу парағы	32
1. Общие положения	17
2. Цели и задачи	19
3. Порядок приема в магистратуру	19
4. Требования к предшествующему уровню образования лиц, желающих освоить образовательные программы магистратуры	20
5. Организация и проведение вступительного экзамена	21
6. Прием документов лиц, поступающих в магистратуру Университета	23
7. Порядок работы апелляционной комиссии	25
8. Зачисление в магистратуру	26
9. Права	28
10. Ответственность	28
Приложения	31
Лист согласования	32



1. Жалпы ережелер

1.1. Мағистратураға қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) құжаттарды қабылдау және мағистратураға үміткерлерді қабылдау мәселесі бойынша «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі – Университет) қабылдау комиссиясының қызметін үйлестіру мақсатында әзірленді.

1.2. Нормативтік сілтемелер*:

1.2.1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.

1.2.2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

1.2.3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

1.2.4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

1.2.5) Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығы.

1.2.6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары.

1.2.7) Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңы.

1.2.7) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуді және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайтын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы.

* Егер сілтемеде құжаттың күні белгіленген басылымы көрсетілсе, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы қолданыстағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса алғанда) қолданылады.

1.3. Қолдану саласы:

Осы Ережелердің талаптары кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) нәтижелері бойынша үміткерлердің құжаттарын қабылдауды және Университет мағистратурасына қабылдауды ұйымдастыру процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

1.4. Тарату аясы: мағистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім алғысы келетін тұлғалар үшін.

1.5. Мүдделі тараптар:

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер мен үміттер
1	2
Сыртқы аудиторлар	Сыртқы аудитті жүргізу тиімділігін арттыру
Мағистратура және	Университет мағистратурасына үміткерлерді қабылдау бойынша



докторантура бөлімі	функцияларды үйлестіру және бақылау
Университеттің қабылдау комиссиясы	Кешенді тестілеуді өткізу үшін магистратураға үміткерлер мен ҚР БжҒМ ҰТО арасындағы өзара әрекеттестік тиімділігін арттыру
Магистратураға үміткерлер	Магистратураға қабылдау ережелерімен және тәртібімен танысу

1.6. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

1.6.1) Мәтін бойынша төмендегі кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Шетелдік	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар адам;
Кешенді тестілеу	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;
Азаматтығы жоқ адам (апатрид)	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам;
Магистратура	тиісті мамандық бойынша "магистр" академиялық дәрежесін бере отырып, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламасы;
Шекті балл	республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін жол беретін тестілеудің блоктары немесе пәндері бойынша Үлгілік қағидаларда белгіленген баллдардың ең төменгі сомасы;
Постреквизиттер	зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер және дағдылар осы пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін талап етілетін пәндер;
Пререквизиттер	оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды қамтитын пәндер;
Кешенді тестілеуді өткізу пункттері	бұл КТ жүргізуді жүзеге асыратын ЖжЖОКБҰ;
КТӨП Қабылдау комиссиясы	КТ өткізуді жүзеге асыратын ЖжЖОКБҰ жанындағы комиссия;
Сертификат	КТ жинаған баллдарды ресми растайтын белгіленген үлгідегі атаулы құжат.

1.6.2) Мәтін бойынша төмендегі кестеде көрсетілген қысқартулар мен терминдер қолданылады:

Қысқартулар	Терминдер
1	2
ЖТК	Жеке тестілеу коды
КТ	Кешенді тестілеу
БӨҚ	Бақылау-өлшеу құралдары
ҚР БжҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР БжҒМ ҰТО	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы
ЖжЖОКБҰ	Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
КТӨП	Кешенді тестілеуді өткізу пункттері
ЭҮП	Электрондық үкімет порталы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары



ЭЦҚ

Электрондық цифрлық қолтаңба

1.7. Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының төрағасы бақылайды.

1.8. Енгізілетін формалар:

1.8.1) Осы Ережелер келесі формаларды қолданысқа енгізеді:

Форма	Форма атауы
1	2
F-PR-03-13-05-01	Университет магистратурасына түсу үшін ректордың атына өтініш
F-PR-03-13-05-02	Магистратураға үміткерлерді тіркеу журналы
F-PR-03-13-05-03	Университет магистратурасына түсуге арналған құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Осы Ережелердің негізгі мақсаты үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және «ҚазРосмедуниверситеті» МEBБМ магистратурасына қабылдау болып табылады.

2.2. Осы Ереженің негізгі міндеттері:

2.2.1) Магистратураға үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру;

2.2.2) Үміткерлерді есепке алу;

2.2.3) Университет магистратурасына қабылдау.

3. Магистратураға қабылдау тәртібі

3.1. Университет магистратурасына жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген («бакалавр» немесе «дипломды маман» біліктілігін алғандығын растайтын жоғары кәсіптік білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты бар) тұлғалар қабылданады.

3.2. Магистранттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3.3. Шетелдіктерді магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы, магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3.4. Шетелдік азаматтарды Университет магистратурасына ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

3.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар ҚР БҒМ 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.



3.6. Магистратураға қабылдау КТ нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.7. Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университет ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

3.8. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

3.9. Университеттің қабылдау комиссиясы түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің таңдалған білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды жүзеге асырады.

3.10. Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы мынадай мерзімдерде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында.

4. Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар.

4.1. Магистратураға жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

4.2. Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі 7М10 Денсаулық сақтау: 6В10 Денсаулық сақтау.

5. Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу

5.1. КТ формасындағы қабылдау емтиханын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

5.2. ҰТО-ның ресми сайтында КТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында.

5.3. КТ келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін,
- 2) күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін,

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

5.4. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде (таңдауы бойынша) жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар КТ-ны мына білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тапсырады:



- 5.4.1) таңдау бойынша шет тілінен тест (ағылшын, француз, неміс),
5.4.2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест,
5.4.3) қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест.

5.5. Бейіндік магистратураға қазақ немесе орыс тілінде оқуға түсуші тұлғалар тапсырады:

- 5.5.1) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест;
5.5.2) қазақ немесе орыс тілінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест.

5.6. КТ тест тапсырмаларының саны:

5.6.1) **Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін:**

- a) шет тілі бойынша тест-50;
b) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест-30, оның ішінде:
сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;
c) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде:
бірінші бейіндік пән бойынша-30, екінші бейіндік пән бойынша-20;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:

- a) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест-30, оның ішінде:
сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;
b) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде:

бірінші бейіндік пән бойынша-30, екінші бейіндік пән бойынша-20;

5.7. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

5.8. КТ тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

5.9. КТ өткізу ҚР БҒМ 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген КТ өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.10. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

5.10.1) **ағылшын тілі:** IELTS Academic (халықаралық ағылшын тілін тестілеу жүйесі Academic), шекті балл-кемінде 6,0;

TOEFL IBT (ағылшын тілі бойынша шет тілі ретінде интернет-тест), шекті балл-кемінде 60;

TOEFL PBT (ағылшын тілінен шет тілі ретінде қағаз сынағы), шекті балл-кемінде 498;

5.10.2) **неміс тілі:** Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (дойчешпрахпрюфунфюрдейнхохшулнуган) (DSH, Niveau C1/ C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/ C1 деңгейі);

5.10.3) **француз тілі:** Test de Français International™ – Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplôme d'Études en Langue Française – Диплом дэтюд ан Лангфрансэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplôme Approfondi de Langue Française –



Диплом Аппрофонди де ЛангФрансээ (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Testdeconnaissancedufranzais – Тест де коннэссансдюфрансэ (TCF (ТСФ) – 50 балдан кем емес).

5.11. 3.4.7-тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың бірі бар тұлғаларға, республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде Университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ–ның «Шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

5.12. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖЖОКБҰ) дейін көрсетеді.

5.13. Электрондық сертификат ҰТО сайтында расталады және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.

5.14. КТ-ға бөлінеді:

а) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін-3 сағат 55 минут;

б) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін-2 сағат 40 минут;

5.15. КТ бойынша ең жоғарғы балл саны:

а) Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін-150 балл;

б) Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – 100 балл.

6. Университет магистратурасына түсетін тұлғалардың құжаттарын қабылдау

6.1. Университет магистратурасына күнтізбелік жылдың 10 тамызынан 28 тамызына дейін немесе күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін түсетін адамдар қабылдау комиссиясына немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы тапсырады www.egov.kz (бұдан әрі-портал) мынадай құжаттар:

6.2. Университеттің қабылдау комиссиясына жүгінген кезде:

а) университет ректорының атына өтініш (F-PR-03-13-05-01) (1-қосымша);

б) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

с) диплом қосымшасының көшірмесі және түпнұсқасы;



d) интернатураны бітіргені туралы куәлік (болған жағдайда) (көшірмесі және түпнұсқасы);

e) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (көшірмесі және түпнұсқасы);

f) алдын ала кесілген, мөлшері 3x4 сантиметр алты фотосурет;

j) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/y формасы бойынша медициналық анықтама;

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

h) шет тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (болған жағдайда);

i) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін) (кадр бөлімі куәландырған көшірме);

g) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда);

k) КТ сертификаты;

l) грант беру туралы куәлік (болған жағдайда);

m) 5x6 фотосуреті бар кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ (қабылдау комиссиясы береді);

n) үміткердің магистратура бағдарламасына түсуге итермелеген себептері туралы, кандидаттың ұзақ мерзімді мансаптық мақсаттары туралы және осы бағдарлама оған осы мақсаттарға қол жеткізуде қалай көмектесе алатындығы туралы эссе (1-қосымша);

p) шарт жасасуға және оқу шығындарын төлеуге кепілдік беретін хат (қандай да бір мекеме немесе ұйым оқу ақысын төлеген жағдайда магистратураға ақылы негізде түсушілер үшін);

q) құжат тігілетін картон папка (1 дана);

r) конверт (1 дана) (фотосуреттерді сақтау үшін).

6.3. с), d), e), h) және i) тармақшаларында санамаланған құжаттар түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар үміткерге қайтарылады.

6.4. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

6.5. Электрондық үкімет порталы арқылы жүгінген кезде:

a) үміткердің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

b) жоғары білім туралы электрондық құжат;

c) интернатураны бітіргені туралы электрондық куәлік (болған жағдайда);

d) шет тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат (болған жағдайда);



е) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

ф) өлшемі 3x4 сантиметр сандық фото;

г) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у формасы бойынша медициналық анықтама.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

h) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (болған жағдайда).

6.5.1) Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік қабылдау комиссиясына «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

6.5.2) Портал арқылы жүгінген кезде үміткерге «жеке кабинетіне» ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат формасында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

6.5.3) Университеттің қабылдау комиссиясы олар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол порталдағы «жеке кабинетке» өтініш берушіге электрондық құжат формасында жіберіледі.

6.5.4) Үміткер құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Үміткер хабарламаны алғаннан кейін Университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

6.6. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

6.7. Қабылдау комиссиясы Университеттің магистратурасына түсетін өтініштерді тіркеу журналын жүргізеді (F-PR-03-13-05-02).

6.8. Магистратураға үміткер университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына немесе 10 қаңтарына дейінгі мерзімде ұсынады, университеттің қабылдау комиссиясына құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі (F-PR-03-13-05-03).

6.9. Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет ректоры үміткерді Университет магистранттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

6.10. Қабылдау комиссиясы магистратураға қабылдаудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

а) магистратураға түсу үшін үміткер ұсынған құжаттардың (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтаса;

б) магистратураға үміткер құжаттардың толық пакетін ұсынбаса;

с) магистратураға үміткер құжаттар пакетін белгіленген мерзімнен кеш ұсынса.



7. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

7.1. КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін ҚР БҒМ жанында апелляцияларды қарау жөніндегі Республикалық комиссия және әрбір КТӨП-де апелляциялық комиссиялар құрылады.

7.2. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы, КТӨП-те құрылатын апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

7.3. Апелляциялық комиссия магистратураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

7.4. КТӨП апелляциялық комиссиясы шет тілдері және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша өтініштерді қарайды.

7.5. Магистратурада оқу үшін КТ апелляциясын қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия Республикалық апелляциялық комиссияға береді.

7.6. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқу үшін КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

7.7. Магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

7.8. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер КТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

7.9. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

7.10. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған жағдайда апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты және КТ-ға рұқсаттаманы ұсынады.

7.11. Апелляциялық комиссияның шешімдері комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

7.12. КТ электрондық форматта өткізілген жағдайда апелляцияға түсушінің тест тапсырмаларының мазмұны бойынша өтініші тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Техникалық себептер бойынша апелляция тестілеу кезінде беріледі.

8. Магистратураға қабылдау

8.1. Адамдарды ақылы негізде ғылыми-педагогикалық магистратураға және конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау КТ



үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға кемінде 75 баллмен жүзеге асырылады

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді тестілеуге арналған 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдар	шекті балл
1	2	3	4	5	6
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын / Неміс / Француз	50	50	≥ 25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	20	40	≥ 7
Барлығы			130	150	≥ 75

8.2. Адамдарды бейінді магистратураға ақылы негізде және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде оқуға қабылдау КТ үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша бейінді магистратураға кемінде 50 баллмен жүзеге асырылады

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бейінді магистратураға кешенді тестілеуге арналған 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдар	шекті балл
1	2	3	4	5	6
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30	≥ 7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	20	40	≥ 7
Барлығы			80	100	≥ 50

9. Құқығы

9.1. Қабылдау комиссиясы құқылы:

PR-03-13-05	магистратураға қабылдау ережесі / правила приема в магистратуру	Басылым 02 / Издание 02
-------------	---	-------------------------



9.1.1) осы Ереженің 3.4.2 және/немесе 3.4.5 тармақшаларында көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамауға.

9.2. Магистратураға үміткерлер құқылы:

9.2.1) магистратураға түсу конкурсына бір мамандық бойынша үш ЖЖЖОКБҰ қатысуға;

9.2.2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде магистратураға түсу конкурсына қатысуға;

9.2.3) магистратураға түсу конкурсының қорытындылары туралы ақпарат алуға;

9.2.4) конкурстың кез келген кезеңінде жазбаша өтініш бойынша Университеттен өз құжаттарын алуға;

9.2.5) КТ өткізу кезеңіндегі келесі күндердің бірінде КТ-ге тиісті тестілеу тілі және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бар аудиторияда орын болған жағдайда мынадай дәлелді себептер бойынша қатысуға (ҚР БЖҒМ 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығының 15-тармағы):

а) денсаулық жағдайы бойынша № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған кезде;

б) жақын туыстарының қайтыс болғанын, баланың туылғанын, үйлену тойының болғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, уақытша еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны туралы анықтама құжаттарын ұсыну негізінде;

с) төтенше жағдайлар кезінде.

10. Жауапкершілігі

10.1. Қабылдау комиссиясы жауапты:

10.1.1) азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуына, Қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы мен ашықтығына;

10.1.2) түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы мәселелері бойынша консультация беруге, КТ рәсімімен таныстыруға;

10.1.3) оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыруға;

10.1.4) оқуға түсушілер үшін өзіне-өзі қызмет көрсету аймағын (кабинеттерін) құруға;

10.1.5) Университеттің ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – АЖ)Электрондық үкімет порталымен (бұдан әрі – ЭҮП) интеграциялауды қамтамасыз етуге;

10.1.6) ЭҮП жұмыс істеу үшін техникалық хатшыларды оқытуға;

10.1.7) келіп түскен құжаттарды өңдеуді жүзеге асыруға (оның ішінде ЭҮП арқылы келіп түскендер);

10.1.8) қабылдау комиссияларында өзіне-өзі қызмет көрсету және оқуға түсушілерге кеңес беру залдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;



10.1.9) ЭЦҚ алу үшін жұмыс компьютерін бөлуге;

10.1.10) магистратураға үміткерлерге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы.

10.2. Магистратураға түсуші тұлғалар жауапты:

10.2.1) құжаттарды қабылдау комиссиясына уақтылы ұсынуға;

10.2.2) магистратураға түсу үшін конкурсқа ұсынылатын құжаттардың түпнұсқалығына;

10.2.3) апелляцияға өтініштің уақтылы ұсынылуына.



1. Общие положения

1.1. Правила приема в магистратуру (далее – Правила) разработаны с целью координации деятельности приемной комиссии НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее – Университет) по вопросу приема документов и зачисления претендентов в магистратуру.

1.2. Нормативные ссылки*:

1.2.1) Конституция Республики Казахстан.

1.2.2) Закон Республики Казахстан "Об образовании".

1.2.3) Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования, утвержденные приказом министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600.

1.2.4) Государственный общеобязательный стандарт послевузовского образования, утвержденные приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604.

1.2.5) Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 19 июля 2021 года № 352 Об утверждении Правил признания документов об образовании, а также перечня зарубежных организаций высшего и (или) послевузовского образования, документы об образовании которых признаются на территории Республики Казахстан

1.2.6) Правила проведения комплексного тестирования, утвержденные приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 8 мая 2019 года №190.

1.2.7) Закон Республики Казахстан от 19 июня 1995 года № 2337 О правовом положении иностранцев.

1.2.8) Закон Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года «О государственных услугах», которые определяют порядок приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы послевузовского образования и оказания государственной услуги «Прием документов и зачисление в высшие учебные заведения для обучения по образовательным программам послевузовского образования».

**Если в ссылке указана датированное издание документа, то применяется только эта версия. Для недатированных ссылок применимой является последняя действующая версия ссылочного документа (включая любые поправки).*

1.3. Область применения:

Требования настоящих Правил распространяются на структурные подразделения, которые участвуют в процессе организации приема документов претендентов и зачисления в магистратуру Университета по результатам комплексного тестирования (далее – КТ).

1.4. Область распространения: для лиц, желающих получить послевузовское образование в магистратуре.

1.5. Заинтересованные стороны:

Заинтересованная сторона	Потребности и ожидания
1	2
Внешние аудиторы	Повышение эффективности проведения внешнего аудита
PR-03-13-05	магистратураға қабылдау ережесі / правила приема в магистратуру
	Басылым 02 / Издание 02



